

Шуренова Махаббат Бисенбайқызының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жағдайындағы алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімділігі мен сапасын кешенді бағалау" диссертациялық жұмысына, 6D110200 – "Қоғамдық денсаулық сақтау" білім беру бағдарламасы бойынша, ғылыми кеңесшісі м.ғ.д, профессор Қ. Құрақбаевтің

ПІКІРІ.

Шуренова Махаббат Бисембайқызының диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жағдайында алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету мәселелері тақырыбына арналған. Жұмыс қолданыстағы жүйені, оның жұмысына әсер ететін факторларды жан-жақты талдауды қамтиды және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге бағытталған. Зерттеудің ғылыми құндылығы мәселені зерттеудің кешенді және жүйелі тәсілінде жатыр. Зерттеуді орындау кезінде халықты медициналық көмекпен қамту талдауы, нарықтық трансформация жағдайында денсаулық сақтау жүйесін реттейтін нормативтік-құқықтық база мен тәжірибелердің контент-талдауы іске асырылды.

Зерттеу кезінде М. б. Шуренова теориялық дайындықтың жоғары деңгейін, ғылыми міндеттерді тұжырымдау, оларды шешу әдістерін таңдау және алынған нәтижелерді сыни тұрғыдан түсіну қабілетін көрсетті. Диссертацияны орындау барысында докторант өзін аналитикалық ойлау мен ғылыми ойлауға ие жауапты және бастамашыл зерттеуші ретінде көрсетті. Сондай-ақ, докторанттың ғылыми және академиялық өмірге белсенді қатысуын атап өткен жөн: рецензияланатын басылымдарда жарияланымдардың болуы, ғылыми конференцияларға қатысуы, тұрақты кәсіби өсуге және ғылымның дамуына қосқан үлесін көрсетеді.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер ғылыми жаңалыққа және практикалық маңыздылыққа ие. Олар денсаулық сақтау ресурстарын жоспарлау стратегияларын қалыптастыруда, атап айтқанда халықтың алғашқы медициналық-санитарлық көмек қызметтеріне қажеттіліктерін есептеу және амбулаториялық-емханалық қызметті жетілдіру кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Шуренова Махаббат Бисембайқызының "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жағдайында алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімділігі мен сапасын кешенді бағалау" тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Алынған ғылыми нәтижелер ғылыми қоғамдастық үшін де, Қазақстан Республикасының

денсаулық сақтау жүйесі үшін де жоғары теориялық және практикалық маңызға ие. Жұмыс 6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің отырысында жария қорғауға жіберу ұсынылады.

Ғылыми кеңесшісі, Қазақстан медицина университеті
(Жоғарғы қоғамдық денсаулық сақтау мектебі)

«Денсаулық сақтау экономикасының» курсінің меңгерушісі,
м.ғ.д, профессор

Қ. Құракбаев



Заведующий кафедрой